

Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының
«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК
(мекенжайы: Қостанай қаласы, Быковский көшесі, 9, тел. (87142)26-36-44
e-mail: kost_kpk@edu.mail.kz)

Әдіскердің бос лауазымына орналасуға ашық байқау жариялайды (1 мөлшерлеме).
Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2022 ж.03.05- 12.04

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болған кезде педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат.

Лауазымдық міндеттері: колледждің оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырады және талдайды. Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және енгізу бойынша колледж кафедраларының жұмысын үйлестіреді. Оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындау бойынша жұмысты бақылайды, Оқу-жоспарлау жұмыс құжаттамасын жасауға қатысады. Әдістемелік комиссия жұмысына, жас педагог мектебіне, ғылыми студенттік қоғамға басшылық жасайды. Озық педагогикалық тәжірибені анықтайды және жинақтайды, оқытудың инновациялық-дамытушы элементтерін, үздік жаңашыл педагогтердің жұмыс тәжірибесін практикаға енгізеді, педагог қызметкерлерге авторлық бағдарламаларды, оқулықтар мен оқу - әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге жәрдемдеседі. Білім беру процесі мен әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын, конференцияларды, семинарларды дайындауға және өткізуге қатысады. Ашық сабақтар өткізуді және оларды талқылауды ұйымдастырады. Белгіленген есептік құжаттаманың уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді. "Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқармасы"ММ алқа және кеңес шешімдерін орындау бойынша жұмысты ұйымдастырады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер базасын жаңарту бойынша жұмысты жүргізеді және қалыптастырады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша лицензияға қосымшаларды алу рәсімін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. **Лауазымдық жалақы мөлшері еңбек өтіліне байланысты 80167 теңгеден 91316 теңгеге дейін.**

Байқау ҚР БҒМ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары» 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 бұйрығы негізінде **өткізіледі.**

Байқауды өткізу күні мен орны: Қостанай қ., Быковский к-сі, 9, «Қостанай педагогикалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Байқауға қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- 1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, байқауға қатысу туралы **өтініш;**
- 2) **жеке басын куәландыратын құжат** немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) **кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы** (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес **білімі туралы құжаттардың көшірмелері;**

- 5) **еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі** (бар болса);
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша **денсаулық жағдайы туралы анықтама**;
- 7) **психоневрологиялық ұйымнан анықтама**;
- 8) **наркологиялық ұйымнан анықтама**;
- 9) **ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты** (бұдан әрі - ТБЖ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған **бағалау парағы**.
- 3), 4), 5) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері мөрмен куәландырады.

Конкурстық тағайындауға қатысу үшін кандидат білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды, тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпаратты ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары және электрондық мекенжайлары:

8 (7142) 26-69-34; e-mail: kost_kpk@edu.mail.kz